



Бекітемін

«Kids Avenue» жеке балабақша
директор Гаврилина Е.М

2024–2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты: Отбасы тәрбиесі мен мектепке дейінгі ұйымның өзара байланысын жетілдіру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жалпы ата-аналар жиналысы «Жаңа оқу жылының негізгі бағыттары	Қыркүйек	Әкімшілік
2	«Бала қауіпсіздігі – басты назарда» семинары	Қазан	Медбике, тәрбиешілер
3	Ашық есік күні	Қараша	Педагогтер
4	Отбасылық қолөнер байқауы	Желтоқсан	Тәрбиешілер
5	«Баламен тиімді қарым-қатынас» тренингі	Қаңтар	Педагог-психолог
6	Тақырыптық кеңестер мен консультациялар	Жыл бойы	Мамандар
7	Ұлттық және мемлекеттік мерекелерге қатыстыру	Жыл бойы	Педагогтер
8	Спорттық жарыстар мен эстафеталар	Наурыз–сәуір	Дене шынықтыру нұсқаушысы
9	Қайырымдылық және экологиялық акциялар	Жыл бойы	Тәрбиешілер
10	Жылдық қорытынды жиналыс	Мамыр	Әкімшілік

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2024–2025 оқу жылында ата-аналармен жұмыс жоспарына сәйкес түрлі ұйымдастыру, ағартушылық және тәрбиелік іс-шаралар өткізілді.

Қыркүйек айында жалпы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, оқу жылының мақсат-міндеттері, оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері және қауіпсіздік талаптары таныстырылды.

Қазан айында «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбында семинар өткізіліп, ата-аналарға балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, тұрмыстық және жол-көлік қауіпсіздігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қараша айында Ашық есік күні ұйымдастырылып, ата-аналар балабақшадағы оқу-тәрбие процесімен, ұйымдастырылған іс-әрекеттермен және дамытушы ортамен танысты.

Желтоқсан айында «Шебер отбасы» атты отбасылық қолөнер байқауы өткізіліп, ата-аналар мен балалардың бірлескен шығармашылық жұмыстары көрмеге қойылды.

Қаңтар айында педагог-психологтың ұйымдастыруымен «Баламен тиімді қарым-қатынас» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында ата-аналар бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелер бойынша тәжірибе алмасты.

Жыл бойы мамандар тарапынан ата-аналарға жеке және топтық кеңестер мен консультациялар беріліп отырды.

Ұлттық және мемлекеттік мерекелерге ата-аналар белсенді қатысып, балалармен бірлескен іс-шараларға тартылды.

Наурыз–сәуір айларында спорттық жарыстар мен эстафеталар ұйымдастырылып, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық нығайтылды.

Жыл бойы қайырымдылық және экологиялық акциялар өткізіліп, ата-аналар қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысты.

Мамыр айында жылдық қорытынды ата-аналар жиналысы өткізіліп, оқу жылының нәтижелері қорытындыланды.

Жүргізілген жұмыстар ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға, балалардың жан-жақты дамуына қолдау көрсетуге және отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы серіктестікті нығайтуға ықпал етті.

Хаттама №1

27.09.2024ж

Қатысқан: 43 ата-ана (4 топ ата-аналары)

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылының негізгі бағыттары

Күн тәртібінде

1. Психогимнастика Ассоциация «Жанұя» Тәрбиеші: М.Б.Сатыбалдиева
2. Бала тәрбиесі Баяндама Тәрбиеші: Т.Умирзакова
3. «Баланы балабақшаға қалай дайындау керек?» Психолог кеңесі
Психолог: М. Казғалиева
4. «Жаңа оқу жылының негізгі бағыттары: әдіскер: Е. Гаврилина
5. Балабақшада бала денсаулығын нығайтудағы шынықтыру шараларының маңызы.
Медбике
6. Ата-ана комитетін сайлау

Директор: Құрметті ата-аналар! Басталған жаңа оқу жылымен құттықтаймыз. Ата-аналар жиналысында кездескенімізге қуаныштымын. Біз бен сіздерді байланыстырып тұрған әрине балалар. Сол балаларымыз аман болсын! Балаларыңыз тек сіздерді жақсы қылықтарымен қуанта берсін дей келе бүгінгі оқу жылындағы жиналысымызды ашуға рұқсат етіңіздер.

1. Сөз сөйледі: Тәрбиеші: М.Б.Сатыбалдиева

Тыңдалды: Психогимнастика «Жылулық шеңбері»

Ата-аналар ортаға шығып шеңбер бойымен дөңгеленіп тұрады. Қолдарын ұстап, бір-біріне деген жылы сөздерін айтады, тілектер тілейді.

Ассоциация «Жанұя» (доп беру арқылы ата-ана жауап береді)

2. Сөз сөйледі: Тәрбиеші: Т.Умирзакова

Тыңдалды: Бала тәрбиесі Баяндама

Ата-ана білуі керек- Ата-ана құқығын, Ата-ана міндетін, бөбекжай ережесін
Бала құқығын, Бала тәрбиелеудегі әдіс-тәсілдерді, Баланың денсаулығын,
Тазалығын, баланың икемділігін, бейімділігін. Баланың қарым-қатынас ортасын.
Ата-ана меңгеру керек Халықтық педагогиканы, салт-дәстүрлерді меңгеру керек

Шешендік өнерді меңгеру керек

Бұқаралық-ақпараттық құралдар мен жұмыс істеуді меңгеру керек

Интернет желісіні және компьютерді меңгеру керек

Шетел тілдерін меңгеру керек

XXI ғасыр ата-анасы қандай болу керек?

1. Білімді, мәдениетті.
2. Өз құқығын білетін.
3. Педагогикалық-психологиялық сауатты.
4. Ата-аналық жауапкершілігін білетін.
5. Ата-аналық міндетін білетін.
6. Мектептен тығыз қарым-қатынаста болу.
7. Материалдық жағдайын қамтамасыз ететін, рухани дамыған.
8. Саяси сауатты.

3. Сөз сөйледі: Психолг: М. Казгалиева

Тындалды: «Баланы балабақшаға қалай дайындау керек?» Психолог кеңесі
Ата-аналарға бірнеше пайдалы кеңестер айтылды. Іс-тәжірбиесімен бөлісті

4. Сөз сөйледі: әдіскер: Е. Гаврилина

Тындалды: «**Жаңа оқу жылының негізгі бағыттары:**

Биылғы оқу жылында көптеген өзгерістер болып жатыр соның ішінде мектеп жасына дейінгі жалпыға міндетті стандартымыз және үлгілі оқу жоспары,бағдарламамыз өзгеріп отыр.

5. Сөз сөйледі: медбике

Тындалды: Балабақшада бала денсаулығын нығайтудағы шынықтыру шараларының маңызы. Жылдың барлық мезгілдерінде балалардың денсаулығына рационалды тамақтануына ерекше көңіл бөлінуде.Байқап отырғанымыздай, бүгінгі таңда педагогтар мен тәрбиешілерде тәрбиенің тәсілдері мен әдістері,сондай-ақ бүкіл тәрбие бағдарламаларын саралауын, оған белгілі бір жаңалықтар енгізудің мүмкіндіктері мол. Бөбекжайда бала сауықтыруда қандай жұмыс түрлері жүргізілетіні туралы баяндады.

6. Ата-аналардың белсенді тірк ағашын құрайық.

1.Төрайым: Дана.Барисова

2.1-ші мүшесі Жусупкалиева Асемгүл,

3.2-ші мүшесі Талшын Любина

Міне, біз жаңа ата-аналардың белсенді тобының құрамының тірек ағашын қағаз жүзінде құрастырсақ, шынайы түрдегі ата-аналардың белсенді тобының құрамының тірек, мәулім ағашы міне.

Шешімі:

1. Психогимнастика ойыны қанағаттанарлық деп бағалансын

2. Балаларға балабақшада беріліп жатқан сапалы білім мен тәрбиені отбасында жалғастыру ата-аналарға жүктелсін.

3. Психолог кеңесін көңіл бөлінсін.

4. Жаңа оқу жылының жоспары бойынша балалар жұмысы тәрбиеші мен ата-аналар арасында бірігіп жүргізілсін

5. Балалардың тазалығы мен денсаулығына көп көңіл бөлінсін.

6. Ата-ана комитетітінің құрамы бірауыздан бекітілсін. Төраға:Д.Барисова

Мүшелер:Жусупкалиева Асемгүл,Талшын Любина

Директор :



Е. Гаврилина



Хатшы:



Г.Т. Рыскалиева

СЕМИНАР ХАТТАМАСЫ №1

Өткізілген күні: 18 қазан 2024 жыл

Тақырыбы: «Бала қауіпсіздігі – басты назарда»

Қатысушылар: ата-аналар, тәрбиешілер, медицина қызметкері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балалардың тұрмыстық қауіпсіздігі.
2. Жол-көлік қауіпсіздігі.
3. Төтенше жағдайлардың алдын алу.
4. Сұрақтар мен жауаптар.

ТЫҢДАЛДЫ:

Медицина қызметкері балалардың денсаулығын сақтау және тұрмыстық жарақаттардың алдын алу жөнінде баяндама жасады. Тәрбиешілер ата-аналарды қауіпсіздік ережелерімен таныстырды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар орындалсын.
2. Қауіпсіздік ережелерін балаларға күнделікті түсіндіру жалғастырылсын.
3. Ата-аналар тарапынан бақылау күшейтілсін.

Төрағ  Д.Барисова

Хатшы:  Г.Т. Рыскалиева

АШЫҚ ЕСІК КҮНІН ӨТКІЗУ БОЙЫНША ХАТТАМА №2

Өткізілген күні: 15 қараша 2024 жыл

Қатысушылар: ата-аналар, педагогтер, әкімшілік

Мақсаты: Ата-аналарды білім беру процесімен таныстыру және ұйым қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету.

ІС-ШАРА БАРЫСЫ:

Ата-аналар ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысып, балалардың танымдық, шығармашылық және ойын әрекеттерін бақылады. Топтардың дамытушы ортасымен танысты.

ТАЛҚЫЛАНДЫ:

Ата-аналар тарапынан педагогтердің жұмысына оң пікірлер айтылып, ұсыныстар тыңдалды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Ашық есік күндерін тұрақты өткізу.
2. Ата-аналардың білім беру процесіне қатысуын арттыру.
3. Үлгілік жұмыстарын жалғастыру.

Төраға:



Д.Барисова

Хатшы:



Г.Т. Рыскалиева

ОТБАСЫЛЫҚ ҚОЛӨНЕР БАЙҚАУЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілген күні: 20 желтоқсан 2024 жыл

Тақырыбы: «Шебер отбасы»

Қатысушылар: тәрбиеленушілер, ата-аналар, педагогтер

Мақсаты: Отбасылық шығармашылықты дамыту және балалардың эстетикалық қабілеттерін қалыптастыру.

КӨРМЕГЕ ҰСЫНЫЛДЫ:

- Қолөнер бұйымдары
- Жаңа жылдық композициялар
- Табиғи материалдардан жасалған жұмыстар
- Сурет және аппликациялар

НӘТИЖЕСІ:

Қатысушылар белсенділік танытып, 70-тен астам жұмыс көрмеге қойылды. Барлық қатысушылар марапатталды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Отбасылық шығармашылық жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру.
2. Баланың шығармашылық дамуын қолдау.

Төраға:



Д.Барисова

Хатшы:



Г.Т. Рыскалиева

СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР МЕН ЭСТАФЕТАЛАР ХАТТАМАСЫ №5

Өткізілген күні: 25 наурыз 2025 жыл

Тақырыбы: «Дені сау отбасы»

Қатысушылар: балалар, ата-аналар, педагогтер

Мақсаты: Салауатты өмір салтын насихаттау және отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

БАҒДАРЛАМА:

- Эстафеталық жарыстар
- Отбасылық командалық ойындар
- Доппен жарыстар
- Қозғалыс тапсырмалары

НӘТИЖЕСІ:

Барлық командалар белсенді қатысты. Балалар мен ата-аналар арасында жағымды эмоционалдық ахуал қалыптасты.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Спорттық іс-шараларды тұрақты өткізу.
2. Отбасылық спорттық белсенділікті арттыру.

Төраға



Д.Барисова

Хатшы:



Г.Т. Рыскалиева

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ ХАТТАМАСЫ №6

Өткізілген күні: 10 ақпан 2025 жыл

Тақырыбы: «Жүректен жүрекке»

Қатысушылар: ата-аналар, педагогтер

Мақсаты: Әлеуметтік жауапкершілікті дамыту және мұқтаж отбасыларға қолдау көрсету.

ІС-ШАРА БАРЫСЫ:

- Киім-кешек жинау
- Оқу құралдарын жинау
- Қайырымдылық қоржындарын дайындау

НӘТИЖЕСІ:

Жиналған көмек заттары әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасыларға табысталды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Қайырымдылық акцияларын жалғастыру.
2. Балаларға мейірімділік пен жанашырлық құндылықтарын сіңіру.

Төраға



Д.Барисова

Хатшы:



Г.Т. Рыскалиева

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ ХАТТАМАСЫ №7

Өткізілген күні: 22 сәуір 2025 жыл

Тақырыбы: «Таза табиғат – ортақ міндет»

Қатысушылар: тәрбиеленушілер, ата-аналар, педагогтер

Мақсаты: Экологиялық мәдениетті қалыптастыру және табиғатты қорғауға баулу.

ІС-ШАРА БАРЫСЫ:

- Аумақты тазалау жұмыстары
- Ағаш отырғызу
- Гүл егу
- «Табиғатты аяла» сурет көрмесі

НӘТИЖЕСІ:

Балалар табиғатты қорғаудың маңызын түсініп, белсенді қатысу көрсетті.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Экологиялық тәрбиені жүйелі түрде жалғастыру.
2. Табиғатты қорғау акцияларын дәстүрге айналдыру.

Төраға:  Зарисова

Хатшы:  Г.Т. Рыскалиева

ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №8

Өткізілген күні: 20 мамыр 2025 жыл

Тақырыбы: «2024–2025 оқу жылының қорытындылары»

Қатысушылар: ата-аналар, педагогтер, әкімшілік

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы
2. Балалардың даму көрсеткіштері
3. Жазғы сауықтыру кезеңі
4. Әртүрлі мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбиешілер оқу жылы бойындағы балалардың жетістіктері мен даму динамикасы туралы ақпарат берді. Ата-аналарға жазғы кезеңдегі қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Оқу жылының нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздігі қамтамасыз етілсін.
3. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық жалғастырылсын.

Төраға



Хатшы:

